

ИСЛАМДАҒЫ СОПЫЛЫҚ (ЕГИПЕТ МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

Махмұд Фаһми Хижази,

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры, Сирия және Египеттегі Араб тілі академияларының академигі, профессор, доктор, Египет.

Бұл жердегі негізгі терминдер: сопылық, сопылар, тасаууф ілімі. Осы сөздердің барлығы араб тіліндегі «әс-суфийа», «әл-мутасаууифа», «илм әт-тасаууф» деген сөздерінен туындап мұсылман әлімінің тілдеріне енген. Ал олар араб тіліндегі «әс-суф» (жүн) сөзінен туындаған. Бұның себебі алғашқы кезде сопылар дүниеден, басқа жұрттан бөлектеніп жүннен жасалған дөрекі киімдерді киетін. Расында жайсаң мінез-құлық, шынайы тақуалық және аскетизм сияқты бірін-бірі толықтыратын сипаттарды әртүрлі діни көзқарасты ұстанатын қоғамдарда кездестіруге болады. Ислам діні қабылданбай тұрған кезде де Египетте аскетизм мен христиандық раһбаният (дүниеден безушілік) қалыптасқан. Бірақ ислами сопылық дүниенің әр түпкірінде ислам, бір аллаға сену және пайғамбар көрсетіп кеткен ізгі көркем ахлаққа жақындау шеңберінде байқалған ерекшеліктерге ие.

2. Зу ән-Нун әл-Мысрий (861 ж. қайтыс болған) – Мысыр сопылардың алғашқысы болып саналады. Ол Нуба елінде Асуанда Мысырдың оңтүстігінен шыққан. Гиза өңіріндегі Мадинат әл-Әһрамда, яғни пирамида маңында өмір сүріп, сол жерде қайтыс болған. Өмірінің бірнеше жылдарын Бағдатта өткізіп, кейін Египетке оралған . Оның өмір жолы мен сипаттарын қамтыған кітаптар жазылды. Зу ән-Нун әл-Мысрийдың бірнеше қолжазбалары бар екендігі айтылады. Олар қазіргі күнге дейін Египеттегі «Александрия», Түркиядағы «Фатих» және «Асфия» кітапханаларында және Лондондағы Үнді орталығында сақталуда. Бұл қолжазбалар сопылық мәселелерін, сипаттарын, өсиеттер мен миғраж мәселесін қамтиды.

3. Ибн әл-Фарид (1235 ж. қайтыс болған) Египетте ислам дінін қабылдаған кейінгі алғашқы сопылық поэзияның өкілі. Ол Египетте туылды, кейбір уақытты Меккеде өмір сүріп, кейін Каирде қайтыс болды. Ибн әл-Фарид бүкіл өлеңдерін сопылыққа арнап, осы салада тұтас өлең жинағын қалдырған. Ибн әл-Фарид өз өлеңдерінде рухани жағына көп мән беріп, жеңіл, бірақ терең тілмен жазған. Осы жинақ қазіргі күнге дейін жетіп, шамамен жүз нұсқасы қолжазба түрінде көптеген кітапханаларында қолжазба қорында сақталуда, сондай-ақ осы жинақ бірнеше рет Египетте пен Ливанда басылды. Ибн әл-Фаридтің көптеген түсіндірме кітаптары да бар. Олардың ішінде оның өз қасыдаларына берген түсіндірмелері де кездеседі. Олардың дені араб тілінде және кейбірі парсы мен түрік тілінде жазылған.

Әл-Бусырий (1296 жылы қайтыс болған) Мысырдағы ең көрнекті сопылардың бірі болып табылады. Ол Египетте туылды, бірнеше жыл әл-Қудста, Меккеде және Мединада өмір сүрген, кейін Мысырда қайтыс болды. Әл-Бусырий пайғамбарды мадақтайтын қасидасымен кең танылған. Бұл қасыда «әл-Бурда» деп аталып кетті, өйткені ол Кағб ибн Мәликтің пайғамбардың алдында оқыған қасидасының жүйесімен құрылған, осы өлені үшін пайғамбар оған өз шапанын (арабша шапан: әл-бурда) сыйлаған. Бұл қасыданың көптеген қолжазбалары бар. Ол бірнеше рет Мысырда және Түркияда басылып, 1847 жылы Қазанда татар тіліне аударылып жарияланды. Осы қасыдаға 79 рет түсіндірме жасалынды. Сонымен қатар Әл-Бусырийдың «әл-Қасыдат әл-Һамзия» атты қасидасы бар.

4. Ибн Атауллаһ әл-Искандари (1309 ж. қайтыс болған) өз заманынында Египеттегі сопылардың ең әйгілісі болған. Бізге оның жолдаулары, қасидалары, уағыздары мен кітаптары жеткен. Олар Каир, Александрия, Тунис, Алжир, Стамбул, Ватикан, Париж, Петербург кітапханаларында көптеген қолжазбалар күйінде сақталуда. Оның «әл-Хикам әл-атайя» (Атауллаһтың дана сөздері) атты ең әйгілі кітабы діни ойларды қамтиды. Осы еңбекке көптеген жиырмадан астам түсіндірмелер мен комментариялар берілген. Сондай-ақ ондағы дана сөздер де шамамен жиырма рет өлең тәртібімен жүйеленген. К. Брокельман өзінің «Араб әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде (М.Ф. Хижидің жетекшілігімен араб тіліне жасалған аударма. Каир. 1995 ж. 6 т. 481-487 б.) «әл-Хикам әл-атайя» еңбегінің көптеген қолжазбаларын, түсіндірмелерін, комментариялары мен өлеңдерді келтіреді.

5. Мысырға сырттан келген сопылар үлкен орны болған. XIII ғасырдан бастап сопылардың белгілі тұлғалары Андалусия елдерінен, әсіресе Мароккодан Египетке қоныс аударып отырған. Олардың кейбірі Мысырда үлкен беделге ие бола алған, тіпті олар салып кеткен кейбір сопылық жолдар қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Сондықтан Мысырда атқарған рөлі үлкен. Атап айтатын болсақ Испаниядағы Марсиа қаласынан Александрияға қоныс аударып келген Әбу әл-Аббас әл-Марси деген кісі әл-Бусыри мен ибн Атауллаһ әл-Искандаридің ұстазы болған. Сол сияқты Мысырға Марокко елінен Ахмад әл-Бадауи (1276 ж. қайтыс болған) деген үлкен сопы қоныс аударды. Ол Мароккодағы Фас қаласында дүниеге келген кейін Мысырда тұрақтанып, осы елде қырық жас өмірін өткізген соң сол елде қайтыс болды. Танта қаласында Мысырдағы «Делта» аймағында әл-Бадауи сопылық жолын ұстаған көптеген мурид шәкірттерін қалдырған. Әбу әл-Хасан әш-Шазили (1258 ж. қайтыс болған), есімі Тунистегі әш-Шазилә қала атынан туындайды. Ол Мароккодағы Фэс қаласында өсті, кейін бірнеше жылды Мысырда өткізіп сол елде қайтыс болады. Әш-Шазилидің Мысырда көптеген мурид шәкірттері қалды және ол салып кеткен «әш-Шазилиа» деп аталатын сопылық жолы әлі күнге дейін бар. Оның қазіргі күнге дейін қолжазба күйінде көптеген еңбектері жеткен, олар Ватикан, Испаниядағы Эскориал кітапханаларында және Лондондағы Британ мұражайында, Голландиядағы

Лейден, Петербург, Барселона, Тунис, Каирде, Александрия және Рабат кітапханаларында сақталуда.

Орта Азиядан шыққан Нажм әд-Дин әл-Кубри (1221 ж. қайтыс болған) атақты сопыны атап кеткеніміз жөн болады. Оның Мысырмен байланысы оның кішкентай кезінде Каир мен Александрия қалаларында хадис ілімін үйренгенен басталады. Ол «әл-Кубруиа» сопылық жолының негізін қалап араб тілінде көптеген еңбектерді қалдырып кетті, олардың көбісі қолжазба күйінде біздің күнімізге дейін сақталды.

6. Ибн Халдун (1406 ж. қайтыс болған) нағыз ойшыл және әлеуметтану ғылымының негізін салушы болып саналады. Ол Тунисте дүниеге келді, кейін 22 жыл Мысырда тұрған. Ол Египетте патша қазылардың басшысы деген атаққа ие болды кейін осы елде қайтыс болды. Ибн Халдун өз еңбегінің кіріспесінің бір бөлімін тасаууф іліміне арнады. Онда сопылық пен тасаууф ілімінің негізгі ұғымдары қамтылған. Шариат ілімі Ибн Халдунның пікірі бойынша екі бөлімнен құралады, олар: фикһ пен оның үкімдері және тасаууф ілімі.

Ибн Халдун «мужаһада» (нәпсімен күресу), «мухасаба» (өз-өзінен есеп алу), «идрак» (ақиқатқа жету), «кашф» (көместі білу), «тажалли» (сырларды ашу) сияқты сопылықтың негізгі терминдерін келтіреді. Кейбір терминдері көпше түрінде берілген, мысалы: «әл-уажданият» (ішкі сезімдер), «мақамат» (әулиелер кесенесі). Сондай-ақ ол «әл-қутб» термин сөзіне: «ақиқатты танығандардың ең білімдісі, өз заманында қайталанбайтын, өлгеннен кейін оның орнын ақиқатқа жеткендердің басқасы ала алады» деген түсіндірме берген. Ибн Халдун «кашфтың» яғни әлде болмаған нәрселерді білуге мүмкін деп санаған. Ибн Халдунның бұл жердегі тұжырымдамалары тасаууф іліміне қатысты болса да сопылықтағы жаңа бағытты құрамайды.

7. Осман империясы тұсындағы сопылық мәмлүк сұлтандары билік еткен уақытқа дейін жалғасты. Ол уақытта бірнеше сопылық ағым кең таралып кетті, олардың ең маңыздылары: әш-Шазиа, әл-Қадириа және әл-Жиләния жолдары. Сондай-ақ Осман дәуірінде Мысырда жаңа сопылық ағымдар да пайда болды, олардан: әл-Хулутиа және оның әд-Дамбардашиа немесе әл-Биумиа деп те аталатын тармағы, осы ағымның түркітердің арасында пайда болған «Нақшбандиа» және басқа да сопылық ағымдармен мықты байланыс құрылды. «Әш-Шиғрания» сопылық ағымын айта кететін болсақ, оның негізін қалаған сопылар арасында аса белгілі тұлға- Мысырда елінде өмір кешкен Әбд әл-Уәһһәб әш-Шиғрани (1565 ж. қайтыс болған). Оның тәпсір, Құран қирағаттары, фикһ, усул фикһ, дін негіздері, грамматика риторика және тасаууф ілімінің негіздерін қамтыған «әд-Дурар әлмансура» атты шағын энциклопедиясы және тағы басқа көптеген еңбектері бар, олардан: «Маратиб әс-суфия» (сопылар дәрежелері), «Кашф әл-хижаб» (көместі ашу) және ибн -Арабидің «әл-Футухат әл-маккиа» атты үлкен кітабын қысқа түрде баяндап берген еңбегі, сондай-ақ грамматикаға арналған кітабы бар. Осы еңбектердің жүздеген қолжазбасы біздің күнімізге дейін сақталып келді.

Сопылардың қалдырып кеткен еңбектеріне сопылық мәтіндер мен кітаптарға берілген түсініктеме кітаптары жатады, олардың алғашқы қатарында «Рисалә әл-Қашири» және «Рисалә ибн әл-Жузи» еңбектері жатады. Сонымен қатар Аллаһ тағаланың көркем есімдерін түсіндіретін еңбектер қалдырған. Кейбір тақуа ақындар сопылық тақырыбындағы өлеңдер жазатын. Сондай-ақ, сопылар аса қызығатын «Шағбан айы ортасының артықшылықтары» немесе «Рамазан айының артықшылықтары» сияқты белгілі тақырыптарды қамтитын еңбектер жазылған. Кейбір еңбектер: күәлік беру, жасырын және анық мәселелер, ақиқатқа жеткен ұлы адамдардың әдебі, сопылардың этикасы және әділдік, кең пейілділік, тақуалық, сабырлық, тәубе, инабаттылық сынды мінез-құлықтарының артықшылықтары сияқты нақты сопылық тақырыптарды қозғаған.

8. Мысырдағы қазіргі сопылар өздерінің өмірін бүгінгі заманның талаптарына ыңғайланып, бейімделген. Египеттегі сопылық ағымдар Әлеумет істері жөніндегі министрлігінде рухани және әлеуметтік мақсаттарды орындайтын және саясат пен әкімшілікке араласпайтын қоғамдық ұйымдар ретінде тіркелген. Бұндай ағымдар әсіресе ауылды аймақтарда кең таралған. Әр сопылық жолының оны ұстанатын мүрид шәкірттері бар және әрқайсысы «әр-рифағилық», «әл-жиланилық», «әл-бадауилық», «әш-шазилилық» немесе «әд-дасуқилық» деп өзін белгілі ұстазына жатқызады. Кейбір сопылық ағымдар тіпті Мысыр шекарасынан өтіп шетел елдерде таралған, ал кейбірі Египетке қоныс аударған шейхтың мүрид шәкірттерін жинап негізін қалап кеткен. Сондықтан әр шейхтың өзі салып кеткен жолы осылайша құрылған. Әр-Рифағиа сопылық ағымын Ирактағы Уасит пен Басра қалаларының арасындағы аймағынан шыққан Ахмад әр-Рифағи (1181 ж. қайтыс болған) деген кісі бастаған. Сол сияқты «әл-Қадириа әл-Жиланиа» ағымы оның негізін қалап кеткен Әбд әл-Қадир әл-Жиланидің есімінен туындап отыр. Ол Иракта туылды және Бағдат қаласында фикһ ілімін оқыған. Ал Мысырдағы аса әйгілі «әл-Ахмадиа» сопылық ағымының негізін Марокко елінен Египетке қоныс аударып кейін сол елде өз мектебін қалаған Ахмад әл-Бадауи салып кеткен. Тунис елінен Мысырға Шазилә қаласынан шыққан Әбу әл-Хасан әш-Шазили қоныс аударды. Ақырында Мысырда әш-Шазилия ағымы пайда болды. Сонымен қатар ән-Нақшбандиа» сияқты шектеулі және «әл-Бакташиа» сияқты жабық сопылық ағымдар бар. Мемлекеттегі сопылық ағымдарды ретке келтіру мақсатында «Сопылық жолдары басшыларының шейхы» арнайы әлеуметтік қызмет құрылды. Бұл қызмет мемлекет қызметтеріне жатпайды.

9. Сопылық, ғылым және бүгінгі өмір – қазіргі сопылық еңбектерінде қозғалатын мәселелері болып табылады. Мысырдағы сопылардың ең ірі тұлғасы, профессор, доктор Әбу әл-Уафа әл-Ғаними әт-Тафтазани (1994 ж. қайтыс болған) исламдағы ғылым ұғымы туралы жазған. Сопылық жолын ұстанған бұл ірі тұлға Каир университетіндегі Әдебиет факультетінде ислам философиясы пәнінен профессор болып қызмет етті. Ол Мысырда және Еуропада білім алып Египетте, Кувейтте және Қатарда жұмыс істеді. Исламдағы ғылым ұғымы тек дін ғылымдарымен шектелмей бүкіл

мамандықтарды қамтиды. Эт-Тафтазани былай деп жазған: «Исламдағы ғылым ұғымын тек ислами үкімдері мен моралімен байланыстырып оның болмыс және материалдық ғылымдарына қатысы жоқ деп түсіну қателік болып саналады».

Мысыр мен Түркиядағы кейбір қаламгерлер сопылар турасында сын-пікірлерін білдіріп жатады. Бұның себебі кейбір сопылар еңбек қылу мен мұсылман қоғамын өркендеуге апаруға ат салысудан бас тартады. Мысырдағы қазіргі сопылар осы сыннан өте білді. Қазіргі сопылар бүкіл күрделі жұмыстарды, орташа және жоғары деңгейдегі қызметтерді атқарып, түрлі мемлекеттегі мансаптарда еңбек қылуда. Олар көркем мінез арқылы басқалардан ерекшеленуді мақсат етеді. Бұндай қызметтер кифая дәрежесіндегі парыз амалдарына жатады, яғни тиісті мамандардың болуы қоғам үшін қажет және парыз кифая амалдарына жатқандықтан Аллаһ тағалаға құлшылық болып саналады. Мысырда діни қоғамдық мекемелерде жұмыс атқаратын сопылар да бар. Сондықтан осы мәселеде ешқандай қарамақайшылық көрінбейді, керісінше өркендеу мен құлшылық ислам дінін насихаттау жолында ортақ мақсаттың аясында бірін-бірі толықтырады. Кейбір сопылар әл-Әзһар университетінде немесе басқа жоғары оқу орындарында білім алып жатады, ал жоғары білім ала алмағандар әл-Әзһар және басқа университеттерімен жақсы байланыста болуға ұмтылады. Бұрынғы заманды алатын болсақ, сопылар барлығы білімдерін әл-Әзһарда алатын. Тіпті сопылардың кейбір тұлғалары жоғары мансаптарда қызмет еткен. Атап айтатын болсақ шейх Әбд әл-Халим Махмұд кезінде әл-Әзһар университетінің шейхы деген қызметін атқарған, сондай-ақ, доктор Ахмад әт-Тайиб қазіргі әл-Әзһар мешітінің шейхы деген қызметін атқарып жатыр.

Исламда дін мен ғылымның арасында қарама -қайшылық жоқ. Дін білімге шақырады, хадисте айтылғандай: «Білімге ұмтылу – әр мұсылман еркек пен мұсылман әйелдің парызы». Ислам білімге үндеген. «Сендер дүние істерінді жақсырақ білесіндер» деген пайғамбарымыздың хадисін орындаған мұсылман адамның алдында дүниенің бүкіл салаларында ізденіс жасауға жол ашылады. Оысының бәрі исламдағы білім ұғымы дінмен ғана шектелмейтініне дәлел бола алады.

10. Белгілі сопы тұлғаларының еңбектерін жариялау және парсы, түрік тілінде жазылған сопылық кітаптарды араб тіліне аудару – қазіргі уақыттағы аса маңызды жұмыстарына жатады. Осылайша Ибн Араби, әс-Саһруди, Ибн Атауллаһ әл-Искандари, ән-Нафари, әл-Қашири және тағы басқа сопылардың белгілі тұлғаларының еңбектерімен танысуға бүгінгі уақытта араб оқырман үшін жол ашылды. Сонымен қатар парсы тілінен араб тіліне аудару жұмысы қазіргі уақытта Жәләл әд-Дин әр-Румидің «Маснауи» және Һужуйридін «Кәшф әл-махжуб» еңбектерімен танысуға мүмкіндік берді. Сопылық туралы қазіргі бірнеше зерттеушілерінің еңбектері жазылды. Олардың алғашқы қатарында әл-Әзһар мешітінің алдыңғы шейхы Әбд әл-Халим Махмұд. Оның Әбу Бакр әш-Шәбли , Әбу Мадин әл-Ғаус, Ахмад әд-Дардир, әс-Сәйид әл-Бадауи, Ибраһим Әдһам және «әш-Шазилия» мектебі туралы жазған кітаптары бар. Сондай-ақ, Каир университетінде істеген Әбу әл-Уафа әт-

Тафтазанидің де Ибн Атауллаһ әл-Искандари туралы жазған еңбегі бар. Сопылық туралы академиялық зерттеулер философия кафедраларының жұмыстарына жатады, сол сияқты сопылық әдебиет зерттеу жұмыстары әртүрлі Мысыр университеттеріндегі араб тілі кафедралары мен факультеттердің зерттеу саласы болып табылады. Осы тақырыптар аясында жүздеген магистрлік және докторлық диссертациялар жазылды, мысалы Юсуф Зидан Әбд-әл-Қадир әл-Жилани туралы, ал Әбд әл-Халиқ Махмұд әл-Фарид туралы жазды.

11. Мысырдың жаңа араб әдебиетіндегі сопылық тақырыптары әдебиет белгілі қайраткерлерінің зерттеген ең маңызды мәселелелеріне жатады. Қазіргі уақыттағы Салах Әбд әс-Сабур (1980 ж. қайтыс болған) белгілі ақын «Масат әл-хиләж» (Хилаж трагедиясы) атты поэзиялық пьеса жазған. Ол осы еңбегін жазуында алғашқы сопылардың біреуінен бізге жеткен хабарлар мен сөздеріне жүгінген. Салах Әбд әс-Сабур осы еңбегі арқылы қоғамдық шенберінде реформаға шақыруды мақсат еткен. Мысыр радиосында «Рабиға әл-Адауиа» атты радиолық топтамасында миллиондаған тыңдаушылар араб әлеміндегі ең мәшһүр әнші Умм әл-Кулсум орындауындағы Рабиға әл-Адауианың өлеңін тыңдау арқылы бақытқа кенелетін. Сондай-ақ миллиондаған араб халқы тамашалаған теледидар топтамасында Рабиға әл-Адауианың дәл осы өлеңі берілген. Көптеген халық көбінесе Александрияда өтетін мәуліт мерекелері мен тойларда ең әдемі дауыстарымен ерекше түрде орындалатын әл-Бусыридің өлеңі әлі де тыңдап келеді. Ал енді оқуға болатын сопылық тақырыптарда жазылған мәтіндерге келетін болсақ, осы тақырыпқа қатысты көптеген риуаяттар мен әңгімелер жазылған. Сол сияқты сопылардың кереметтері, яғни алыс мекенде немесе басқа заманда болған оқиғаларды бізге ашып беретін ғажайып көріністері туралы хикаялар бар. Араб әдебиетінің әйгілі қайраткерлерінің еңбектерінде сопыларға қатысты түрлі тақырыптар, сопылық кереметтері мен оларға туралы айтылған сөздер арнайы әдеби еңбектерінде, кейде белгілі тұлғалардың сөздерінде, әңгімелерде, театрлық өнерінде, радиода не болмаса діни мерекелерде кездесіп жатады.

В статье рассматривается распространение суфизма в Египте, жизненный путь, деятельность и труды видных суфиев от средневековья до XX вв.

The article is about spreading of Sufism in Egypt, life, activity and works of famous Sufi teachers beginning from middle ages till XX century